



**ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР**

*2018 жылғы 25 маусым*

### **Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу бойынша жобаны іске асыру туралы**

Қазақстанның Ұлттық Банкі Clearstream-мен бірлесіп Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын Clearstream жүйесінде есептелетін бағалы қағаздар тізіміне қосу бойынша жобаны іске асыруда. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкі Монетарлық операциялар департаментінің директоры Әлия Молдабекова айтып берді.

Ә. Молдабекова қазақстандық нарықпен байланыс арнасын іске қосу жөнінде соңғы іс-шаралардың жүргізіліп жатқандығын хабарлады. Жоба 2018 жылғы шілдеде іске қосылады деп күтіледі.

«Бірлескен жобаны іске асыру Clearstream халықаралық есеп айырысу жүйесі арқылы қазақстандық заңнама шеңберінде теңгемен шығарылған барлық мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды жүргізуге мүмкіндік береді және шетелдік инвесторлардың қазақстандық қор нарығына қолжетімділігін кеңейтеді. Жүйені іске қосу шетелдік инвесторлар тарапынан қазақстандық мемлекеттік облигацияларға деген сұранысты ұлғайтуға, олардың өтімділігінің және сыртқы нарықта тартымдылығының артуына ықпал ететін болады», - деп айтып берді Қазақстан Ұлттық Банкінің өкілі.

Ә. Молдабекованың айтуынша, жобаны аяқтау ұзақ мерзімді қорландыру көздерін кеңейтіп, мемлекет қарыздарының құнын төмендетуге мүмкіндік береді. Аталған бастама кірістілік қисығын қалыптастыруға және Қазақстанның бағалы қағаздар нарығын одан әрі дамытуға оң әсерін тигізетін болады. Жалпы алғанда жоба жергілікті нарықтың инфрақұрылымын, оның әлемдік инвестициялық орталарда танымалдығын дамытуға бағытталған.

«Инвесторларды Қазақстанның капитал нарығына сәтті тартудың бір түрі отандық нарықтың мүмкіндіктерін сапалы тұрғыдан жариялау болып табылады. Бұл бағыттағы алғашқы қадам ретінде Ұлттық Банк пен «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың 2018 жылғы 18-19 сәуірде Лондон қаласында өткен Cbonds конференциясы барысында Қазақстандық капитал нарығының тұсаукесерін өткізуі болды», - деді Ә. Молдабекова.

Ол 2018 жылғы 27 маусымда Ұлттық Банк Блумберг және Clearstream компанияларының көмегімен жаңа желіні қосуға арналған Лондон қаласында шетелдік инвесторлар үшін «Investment opportunities in Kazakhstan» арнайы конференция өткізуді жоспарлап отырғанын айтты. Бүгінгі күні әлеуетті қатысушылар мен әріптестерге шақыру қағаздары жіберілді.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)